

Мамандық бойынша тест: 2-пән

1. Экономикалық белсенділіктің ерекше нысаны ретіндегі кәсіпкерліктің меншік формасына байланысты түрлері

- A) қызмет көрсету саласындағы кәсіпкерлік
- B) қаржылық кәсіпкерлік
- C) дербес кәсіпкерлік
- D) мемлекеттік кәсіпкерлік
- E) өндірістік кәсіпкерлік
- F) заңды кәсіпкерлік
- G) жеке кәсіпкерлік
- H) ұжымдық кәсіпкерлік

2. Қаржылық жоспардың табыстылық графигін жасау кезінде негізгі болып табылатын мәліметтер

- A) персоналды еңбек ақысы
- B) инвестициялық қызмет нәтижелері
- C) операциялық қызмет нәтижелері
- D) баға деңгейі және оның динамикасы
- E) өндірістік қызмет жоспары
- F) сату көлемінің жоспары
- G) кадрлық саясат
- H) инфляция деңгейі

3. Факторингтің тартымдылығы өзіне келесі қызметтерді біріктіруімен сипатталады

- A) клиенттерді борыштардан босату
- B) клиенттердің борыштарын инкассациялау
- C) венчурлік бизнесті құру
- D) төлем жасамау тәуекелін өзіне алады
- E) тауарды жеткізбеу тәуекелін өзіне алады
- F) айналым қаражатын қаржыландыру
- G) негізгі капиталды қаржыландыру
- H) ғылым мен кәсіпкерлікті біріктіру

4. Факторингтік операцияларды келесі міндеттемелер бойынша жасалады

- A) бартерлік мәміле бойынша жұмыс жасайтын кәсіпорындар міндеттемелері бойынша
- B) кәсіпорындардың филиалдарының міндеттемелері бойынша
- C) банктік несиелеуден алынып тасталған ұйымдардың міндеттемелері бойынша
- D) бюджеттік мекемелердің қоятын талаптары бойынша
- E) төлем қабілетті деп танылатын кәсіпорындар мен ұйымдардың міндеттемелері бойынша
- F) спекулятивті бизнеспен айналысатын кәсіпорындар міндеттемелері бойынша
- G) жеке тұлғалардың қарыздық міндеттемелері бойынша
- H) уақытша қаржылық қиындықтары бар шағын және орта кәсіпорындардың міндеттемелері бойынша

5. Бизнес-жоспардың Қазақстанда көрініс тапқан типтері

- A) инвестициялық бизнес-жоспар
- B) ғылыми-техникалық бизнес-жоспар
- C) фирманың ішкі бизнес-жоспары
- D) фирманың қосымша бизнес-жоспары
- E) инновациялық бизнес-жоспар
- F) фирманың сыртқы бизнес-жоспары
- G) қаржылық сауықтандырудың бизнес-жоспары
- H) қолданыстан тыс бизнес-жоспар

6. Маркетинг стратегиясын жүзеге асыру, оның нақты мақсаттарына жетуін қамтамасыз ететін саясат түрлері

- A) есеп саясаты
- B) тауарлық-ассортименттік саясат
- C) тәуекелдерді басқару саясаты
- D) қаржы саясаты
- E) салық саясаты
- F) баға саясаты
- G) өткізу саясаты

7. Бизнес-жоспарды қаржыландыруда меншікті қаржыны қолданудың артықшылықтары

- A) меншікті құралдарды қалыптастыру және қолдану тұрақсыз болады
- B) басқарушылық шешімдерді қабылдау үдерісі жеңілдейді
- C) қарыз бойынша қызмет көрсетуге шығындар болады
- D) кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы төмендейді
- E) кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы жоғарылайды
- F) басқарушылық шешімдерді қабылдау күрделі болады

8. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау келесі нысандарда жүзеге асырылады

- A) жауапкершіліктен босату
- B) заң бұзушылыққа жол беру
- C) мемлекеттік қажеттіліктер үшін кепілді тауар (жұмыс, қызмет) көлемін сатып алу
- D) орталықтандырылған жүйені ұйымдастыру
- E) бизнес-инкубатор қызметін ұйымдастыру
- F) бухгалтерлік есебін жүргізу
- G) салықтарды алып тастау

9. Инновациялық қызметтің ішкі мотивтері (ынталары)

- A) салалық құрылымдық өзгерістер
- B) бәсекелестердің белсенді түрде әрекет етуі
- C) сату көлемін арттыруға ұмтылу
- D) кәсіпорындардың шаруашылық жүргізудің жаңа жағдайларына бейімделу қажеттілігі
- E) фирманың бәсекеге қабілеттілігін жақсарту
- F) салық саясатындағы өзгерістер
- G) ақша-несие және қаржы саясатындағы өзгерістер
- H) жаңа нарықтарға өту, нарықтағы үлесін кеңейту

10. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу саласындағы құзыреті

- A) кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу
- B) кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу
- C) мемлекеттік бақылау және қадағалау тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру
- D) жұмыскерлердің жылдық орташа санын және жылдық орташа кірісті есептеу қағидаларын бекіту
- E) мемлекеттік бақылау және қадағалау жүзеге асырылатын тиісті салада (аяда) мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру
- F) жұмыскерлердің жылдық орташа санын және жылдық орташа кірісті есептеу қағидаларын әзірлеу
- G) мемлекеттік бақылау және қадағалау жүргізуді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу